

Л 2005  
5834<sub>м</sub>

Әділ  
ДҮЙСЕНБЕК



МЕНТІҢ  
ШЕРАПАМ

Әділ ДҮЙСЕНБЕК

# Менің Шерағам

“Елорда”  
Астана - 2004

821.512.122-7

ББК 84 Қаз 7-44

Д 87

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әділ Дүйсенбек.

Д 87 Менің Шерағам (*Эссе-өңгімелер мен новеллалар*).  
Астана “Елорда” 2004ж. - 191 бет.


ISBN 9965-06-352-4

Жазушы Әділ Дүйсенбек көп жылдан бері өзінің қаламгер ағасы — қазақтың біртуар ұлы, белгілі қоғам қайраткері, халық жазушысы Шерхан Мұртаза туралы шағын өңгіме-естеліктер мен новеллалар жазып келеді. Түрлі басылымдарда жарық көрген оның кейбір үзінділерін жұртшылық жылы қабылдауда. Мына жинаққа сол дүниелері және кейінгі жазғандары еніп отыр. Тілі шұрайлы, оқиғалары тартымды. Оқырмандарын бей-жай қалдырмайтынына сенім мол.

Д 4702250201  
450(05) - 04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-352-4



© Дүйсенбек Ә., 2004  
© “Елорда”, 2004

## АҢДАТУ: ОЙ МЕН ПАРАСАТ БИІКТІГІ

Қоғам өмірінің қалыптасқан жүйесі бұзылып, басқа бір формацияға көшу кезінде адамдар ескі өмірдің әбден бауыр басқан салт-дәстүрі мен үйреншікті жағдайынан қол үзе алмай, ешқандай ескертусіз есікті айқара ашып, омыраулап кіріп келген тұрпайы, астамшыл, өзімшіл, озбырлау жаңа жағдаяттарға бірден бауыр баса алмай ұйлығып тұрып қалған қалың жұрттың өуелгі кезде тосырқап, сол тосырқауы тоқырауға өкеп тірегендей дел-сал, аңырақай күй кешетіні заңды құбылыс екен. Әркім өз шаруасын ғана біліп, ішкі-сыртқы қыруар проблемаларға бас қатырмай үйренген көпшілік нарықтық, яғни, бәрі өзіңе байланысты болатын капиталистік принциптердің қатал заңына көндіге алмай, өуелгі кезде ерін бауырға алып тулай-тулай, мөңки-мөңки келіп, бірте-бірте жуасып, көндігіп, шабынғанмен, шаптыққанмен ештеңе өнбейтінін, буылып өлсең де ешкімнің ештеңесі кетпейтінін ұғып, өлмес тіршіліктің қамына кірісе бастады. Ел сенікі, жер-су сенікі, үлесіңді ал да үндемей іске кіріс, бос байбаламмен уақыт оздырма. Оны түсіну үшін бізге тәуелсіздіктің бірнеше жылы қажет болды.

Осындай дүрбелеңнің алғашқы жылдарында қалың көпшілік өзінің айрылмас досы, сенімді серігі — туган әдебиеттен адасып қалды. Жазушы оқушысынан, оқушы жазушысынан қол үзді. Ақ пен қараны ажырата алмай қалатын кезеңдер де бастан өтті.

Ел есін жиды. Үріккен киіктің шоғыры үйренген мекеніне аяқтарын аңдап басып, бірте-бірте қайта орала бастады.

Әдебиетсіз рух жоқ, рухсыз ұлт жоқ. Есін жиган ел рухының қайнар көзіне қайта орала бастады. Ұлы дүрмектің кезінде ескі жұртын жайлап алған арзан әдебиет пен алдамшы рухтардан тазартып, таза, шынайы шығармаларды көң-қоқыстан аршуға кірісті.

Шерхан Мұртаза — қазақ әдебиетінің көгінде жарқырай біткен айрықша жарық жұлдыздардың бірі. Ол халқына саф алтындай таза да құнды шығармалар беруімен ғана қадірлі емес, азаматтық, ұлтжандылық зор даусымен де қастерлі.

*Шынайы суреткерлік пен азаматтық қасиет барлық жақсы жазушыға тән емес, екі қасиетті қатар алып жүру екінің бірінің маңдайына жазбаған. Алла тағаланың өзі бұл екі қасиетті кез-келген адамға емес, тіпті, таңдаулы суреткерге емес, солардың ішінен шертіп жүріп біреуіне сыйлайтын болу керек. Ол пендеге берілген қуаныш, бақыт сыйы ғана емес, бір сәтке де үзілмейтін зор жауапкершілік, қиындық пен күрес атаулыдан тайсалмайтын түкті жүрек, өзіңнің пенделік мүдделерің мен сәттік қызығушылығыңды еліңнің жасымықтай жақсылығына ойланбастан айырбастай салуға дайын туа бітті қасиет. Жаратушы да өз ісіне жауап беретін болуы керек, осындай ірі қасиеттерді бір пендесіне тек сүйгендігінен емес, сенгендігінен сыйласа керек.*

*Азамат-жазушы үшін ол да бақыт.*

*Шерхан Мұртаза туралы Әділ Дүйсенбек “Менің Шерағам” деген кітап жазыпты. Мейлінше құптарлық шешім. Әділ Шерағаңмен ұзақ жылдар бойы қызметтес болды. Оның үстіне бірі аға, бірі іні боп талай-талай іс-сапарларда бірге болды, талай-талай сыр ақтарысты. Мұндай тағылымдағы эсселерді осындай сыр мінез, көнігі қаламгердің жазуы өте құптарлық оқиға. Автор оны шеберлікпен меңгеріп шыққан.*

*Кітапта Шерағаңның бірде бала, бірде дана, бірде көл, бірде шөл, бірде тарпаң, бірде салқам мінездері жарасымды да жан-жақты көрініпті. Қысқасы, ірі тұлғалар көктен салбырап түспейді, бәрі өзіміз сияқты пенде, бірақ, олардың көпшіліктен ерекшелігі — ой мен парасат биіктігінде, шамырқанса шарт сынар, сынбас бұрын ұлтының намысы үшін керек жерінде сілкініп қалар қайраулы семсер бола білетіндігінде.*

*Кітапқа кейіпкер туралы кейбір ұзын-сонар өлеңдер тұтастай еніп, әдебиетте ірі тұлға болып есептеле қоюы екі талай қаламгерлердің іс-әрекеттері тым тәптіштеле суреттеліпті. Бәлкім, онымен де келісуге болар. Өйткені, олардың бәрі бір ғана образға — Шерхан Мұртазаның тұтастай бейнесін жасауға қызмет етіп тұр.*

*Жазушы Ә.Дүйсенбектің “Менің Шерағам” атты эсселер жинағы қалың оқушыны таза әдебиеттің ауылына қарай қайта жетелеуде, арзанды қымбаттан ажырата білуде елеулі еңбек боларына сенемін.*

**Дулат ИСАБЕКОВ,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.**

---

---

## КІРІСПЕ: КЕЙІПКЕРІМ ТУРАЛЫ

“Менің Абайым”, “Менің Жамбылым”, “Менің Әуезовім”, “Менің Әбішім”...

Осылайша өзіне ұстаз, аға тұтқан ұлы тұлғаларды қолына қалам ұстаған адамдардың бәрі бірдей “менің” деп меншіктеп алуына хұқы болмаса да, солай етуге хақың жоқ деген қағида және де жоқ. Заң бойынша тыйым салынбағандардың бәрі заңды дегендей, мен де Шерағаны — Шерхан Мұртаза ағамызды өзіме меншіктеп “Менің Шерағам” дегенде осы қағида-ны басшылыққа алдым.

Ағамыздың атына бұрыннан қанық болып, жазғандарын шашау шығармай оқып жүрсем де, көп араласа бермейтінбіз; етене жақын танысуымыз 1989 жылдан басталады. Сол жылғы қарашада қазақ баспасөзінің қара шаңырағы “Социалистік Қазақстанға” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) бас редактор болып келген Шераға мен осы газетте қызмет істеп жатқалы бергі көрген алтыншы бастығым еді. Міне, содан бері біз бірге туған ағалы-інілі адамдай болып кеттік. Ағамызбен талай рет жиын-тойлар мен іссапарларда болып, әңгімелерін естідім, әндерін тыңдадым. Серілік те, ерлік істеріне куә болдым. Соларды әр кез қойын дәптеріме түртіп жүруші едім. Біраз дүние жиналып қалыпты.

Сол жазып жүргендерімді одан әрі жалғастырып, реті келсе кейін жеке жинақ етіп шығаруға кеңес берген жора-жолдастарымның ой-пікірін кезінде Шерағама да сыпайылап жеткізген едім. Алғаш “қажеті қанша” деп қарсылық білдірген ағамыз кейін өзі туралы кейбір газет-журналдарға жарияланған дүниелерімді көріп үндемейтін болды. “Үнсіздік — келіскендік белгісі” деген қағидаға сай, мен де қаламымды барынша сілтеп қалуға тырысып бақтым.

Ендігісіне өздерің куә болындар, құрметті оқырмандар!

---

## КІЛТ: ӨЗІМ ТУРАЛЫ

“Егемен Қазақстанның” жетпіс бес жылдығы тойланар тұста бас редакторымыз Шерағам ойда жоқ жерде менен:

— Сен, осы Қарекен екеуің бір ауылдан ба едің? — деп сұрады.

Біле қойдым: Қарекені өзімен жастайынан интернатта бірге оқып, бірге өскен қазіргі қоғам қайраткері Қаратай Тұрысов ағамыз (Ол кісі туралы Шерағам “Ай мен Айшасында” жазғанынан басқа да талай қызықты әңгімелер айтып берген болатын).

— Иә, “Жас өркеннің” Мәукеаралынанбыз, — дедім мен күмілжіп, — жай сұрадыңыз ба?

— Онда сен де қырғызша білетін болдың ғой, — деді Шерағам әзіл айтардағы әдеті бойынша мұртын сипап. — Көршілерің емес пе, талай рет барған шығарсыңдар қыздарына қырындап...

Ағам әзілдеп тұрған соң аянып қалам ба:

— Ой, Шераға, ол жағын қатырамыз ғой, — дедім ыңғайына көніп. — Қырғызшаның еш қиындығы жоқ: “с”-ны “ш”-ы деп, “ш”-ны “ч”-ы деп қазақша соға берсеңіз болғаны, бәрі түсінеді.

— Олай болса тойымызға біздің “Егемен” сияқты қырғыздың “Қырғыз туусу” газетінің бас редакторы Құрманбек Раматов бастаған делегациясы келгелі жатыр, соларды күтіп алып, шығарып салатын өзің боласың, — деді Шерағам қайтадан өзінің қалыпты мінезіне басып. — Байқа, мен саған өте маңызды жұмыс тапсырып отырмын, басыңмен жауап берсең!..

Бастықтың кабинетінен екі ұдай пікірмен шықтым — алдымен келген ой: екі-үш орынбасары бола тұрып бұл жауапты міндетті маған неге тапсырды екен, әлде біз туған жер Қырғызстанға жақын жатқандықтан, барып-келіп жүріп ағайындар тілін меңгеріп алған шығар деп ойлады ма екен; сонан кейінгі келген тағы бір ой: Шерағам тапсырманы адамның қызметіне қарамай, қабілетіне қарай береді, демек маған сенгені болар, олай болса сол сенімді ақтай білуім керек дегенге келіп сайды.

Ал “қырғызшама” келсем, оның өзі бір қызық жыр. Ойыма осыдан он шақты жыл бұрынғы оқиға түсіп өзімнен-өзім күліп жібердім.

“Қазақ-қырғыз бір туған” дейміз ғой. Солай болса, солай шығар. Оған өз басым титтей де шүбә келтірмеймін. Діліміз бен дінімізді айтпағанда, түріміз бен жүріс-тұрысымызға дейін құдай қолмен қойғандай етіп қонжита салған ғой. Тіпті тамақ ішу мен арақ ішуіміздің де айнымай қалғанын қарасаңызшы!..

Ілгеріде біздің “Егемен Қазақстан” “Социалистік Қазақстан”, қырғыз ағайындардың жаңағы Шерағам айтқан “Қырғыз туусуы”, “Советтік Қырғызстан” болып тұрған кезде “мызғымас” одақтар бірлігін паш ететін дәстүрлі бет алмасу кезегі маған тиіп, қазіргі Бішкек, бұрынғы Фрунзе шаһарында бір апта болғаным бар. “Командировка” деген қомпиған аты ғана, әйтпесе тындырып тастағаным шамалы. Бетті өріптестерімнің өздері ұйымдастырып жатыр. Менікі тек бой көрсету. Таңертең редакцияға бір бас сұғамыз да, бұрынғы бас редактор Тұрсунов жаныма қосып берген өзінің орынбасары Бира (тегін ұмытып қалыппын) екеуміз тайып тұрамыз. Тамақ пен арақ ішудегі ұқсастығымызға тап сол жолы анық көз жеткізгендей болдым...

Осылайша іссапар мерзімнің лып етіп өте шыққанын да сезбей қалдым. Қырғыз өріптестерімнің макетіне дейін сызып, дайындап берген бір бет материалдарын сөмкеме сап Алматыға қайттым. Жұма күні түс болмай жетіп келгендіктен, жұмысқа бармай-ақ, бірден үйге тартқам. Апта бойы еркіндікте жүріп әдеттеніп қалғандықтан ба, әлде үйде ешкім болмағандықтан ба, аздан кейін елегзи бастадым да, үстел үстінде жатқан редакция қызметкерлерінің телефон кітапшасын алып звондауға кірістім. Іздеген адамдарым орындарында болмай шықты да, артынша біреуі болмаса біреуі алар деген оймен нөмірлерді шетінен тере бастадым.

— Әлә-ау, бұл кім? — деген дауыс естілді тағы бір нөмірді тергенімде.

Жазбай таныдым. Үнемі басшыларға көңілі толмай, сырттарынан сынап-мінеп жүретін жазушы ағамыздың дауысы. Редакцияға келгеніне біраз болып қалса да, көпшілікпен онша көп жұғыса бермейтін томаға-тұйық жан. Бұрындары қатты ішкен дейді. Қойғанына бір жылдай болыпты, емделіпті дегенді де құлағымыз шалып қалған. Мен Бішкекке кетерде бұл кісі де іссапарда-тұғын. Сол себеп болды ма, әлде Қыр-



гызстаннан алган әсерден әлі айрыла алмағандықтан ба, әйтеуір аяқ астынан:

— Чолом алейкуум, — дегенімді өзім де байқамай қалдым.

— Әліксалам, бұл кім? — деді ағамыз манағы сұрағын тағы қайталап.

— Мен “Советтик Киргизстаннанмун”, — дедім танымай тұрғанына қиямпұрыстанып. — Сиздердин казитке командировкаға келген едім. Каазир коонак уйдебин. Сиздин атууыңызды чоң жазуушы ретинде ошундағы байырқы окумуштуллариниздын бири сыяктуу биз, кыргыздар да бек билебиз. Котормо китаптаринизди сууиып окибууз. Соодан биринчи бооп сизга звоондап турбын...

Бұл мақтау дегенді қойсаңызшы! Адамды жер-көкке сиғызбай, қаңбақтай ұшырып әкететін де осы жел сөз емес пе? Жаңа ғана “бұл кім?” деп былқылдап тұрған ағамыз:

— Апыр-ай, ә, мені қырғыз ағайындар да біледі екен-ау, — деп алдыма түсіп бүлкілдеп жүре берді. — Қазір ғана есіктен кіріп тұрғаным, командировкада болып, оқырмандарыммен кездесіп қайтқан едім. Қалай етсек екен, ә... һ...

— Еч кандай қалайы жоқ, коонак үйге келиниз, — дедім мен барлық қырғыз қорымды қопарып. — Алотооның чоң коняктарын котерип келдуум, баринизга жетедуу.

— Апыр-ай, ә, — деді ағамыз тағы да асып-сасып, — қалай болар екен, мен өзі жол жүріп дегендей, шаршап-шалдығып, оның үстіне аздап желудігім ауырып...

Шешінген судан тайынбас. Мен енді не де болса рөлімді соңына дейін ойнап шығайын деген оймен:

— Онда өзиңиз келе алмасаңыз бир сенимду, иче алатын, соойлесуп, ангыме айтып отыра алатын өзиңиз сияктуу адамды жиберсеңиз дуурус булар еди, — дедім қиылып. — Бар бу усундай адабиатшы-жорналист?

— Бар, бар, — деді ағайым бірден көніп, — қазір айтамын, телефонын да берейін, — деп біразға дейін жоқ болып кетті. Талай жыл бірге жүріп, бірге тұрған, керек десеңіз бірге ішіп бөтелкелес болған жолдастарының біреуінің телефонын қалайша жатқа білмейді екен деп қайран қалып тұрған мені ағамыздың трубканы қайта алған сыбдыры бөліп кетті.

— Әле-ау, — деді ол, — жазып ала ғой, жақсы журналист, әдебиеттен де хабары бар, жақсы ішеді, көтереді, жақсы отырады. — Сөйтті де өз телефонымның нөмірін өзіме айтып берді.

Мен есеңгіреп отырып қалдым...

Дүйсенбі күні әлгі ағамызбен әдеттегідей редакцияда кездестік. Бірдеңке дер ме екен деп бетіне жалтақ-жалтақ қарадым. Жок, түк болмағандай міз бағар емес. Шынымен дауысымды танымағаны ма? Әлде өтірік білмегенсіп отыр ма? Шыны болса, қырғыз журналисін неге іздестірмейді? Өтірігі болса, өзге емес дәл менің атымды неге айтты екен? Қазірге дейін соның жауабын таба алмай келе жатырмын.

... Кейін ел аралап, оқырмандармен кездесу ұйымдастырып жүргенімізде осы оқиғаны Шерағамға айтып бергенім бар.

Әншейінде мұндай әңгімелерді күліп отырып тыңдайтын ағам бір сәтке үнсіз қалды да:

— Әй, мынауың сенің даяр тұрған сюжет қой, жаз, давай! — деді.

Аға аманатын екі ете алмадым...

\* \* \*

Өзім туралы осы мөлтек сырды қағазға түсіре салып мен де ойға қалдым: ақыл берген Шерағам, енді сол ағамның өзі туралы неге жаза бермеске — күні ертең екеуіміз бірге жүріп өйтіп едік, бүйтіп едік десем, біреу сенер, біреу сенбес, тіпті сезіктене қарайтындардың шықпасына кім кепіл — сондықтан жазғандарымды жалғастыра берейін деген шешімге келдім; мәнді де мағыналы ғұмырының әрбір сәті мені жаз деп сұранып тұратындай сюжетке сай ағамыз туралы мына жазғандарымның бәрі де имандай шындық екеніне осы кітапта аты аталған адамдардың кез-келгені куә бола алатынына кәміл сенемін.

## ҰЛЫҚ БОЛСАҢ КІШІК БОЛ

Шерағам “Социалистік Қазақстанға” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) бас редактор боп келген алғашқы жылы баспасөзге жазылу мәселесіне байланысты кабинетіне шақырып алып:

— Сен Жамбыл облысына бекітілген екенсің ғой, жазылу барысы қалай? — деді.

— Жаман емес, — дедім күмілжіп, себебі жағдай онша мәз еместұғын.

— Неге жақсы емес? — деді ағам алдындағы мәліметке көз жүгіртіп. — Жамбыл қазағы көп облыстардың бірі, сөйте тұра басқалармен деңгейлес келеді. Айтпайсыңдар ма, жазылыңдар деп...

— Енді айтып жатырмыз ғой басшыларына, — дедім назарымды төмен түсіріп. — Жазыламыз, жаздыртамыз деген уәделері бар.

— Басшыларың не, әй, — деді Шерағам даусын көтеріп, — олар бізсіз де жазылады. Басшылар емес, төмендегі қосшыларымен сөйлесу керек, ол үшін ауыл-ауылды аралап, халықтың өзімен сұхбаттасқан жөн. Біздің негізгі оқушыларымыз солар емес пе?

— Солайы солай ғой, Шераға, — дедім мен де бірте-бірте батылданып, — жылда шығамыз ауылға, оқырмандар мәслихатын да өткізіп жүрміз, бәрі уәде беріп қалады, бірақ жеме-жемге келгенде басқаша болып шығады.

— Міне, басшыларға осындай кезде айтуға болады, ана аудан аншама, мына аудан мұншама жазылғалы отыр, соларға көмектес, қол ұшын бер деу керек.

— Сондай сөзді сіз сияқты беделді кісілер айтқанда ғана басшылардың беті бері қарауы мүмкін ғой, — деген ауыз ләмімнің қалай шығып кеткенін аңдамай қалып, тілімді тістей қойдым.

Шерағам мені алғаш көргендей бажырая біраз қарап отырды да:

— Әй, сенің беделің кімнен кем? — деді қолын жоғары көтеріп. — Жазушы десе жазушысың, журналист десе журналистсің, білдей бір газеттің бөлім меңгерушісің. Одан артық не керек?

— Сонда да сіздің жөніңіз бір бөлек қой, — дедім “шешінген судан тайынбастың” кебін киіп.

— Онда, кеттік сол айтып отырған ауылыңа, — деді Шерағам бірден тың шешімге келіп. — Дәл сен айтқандай болса, көрейік.

— Ойбай, Шераға-ау облыс басшыларына ескерту керек қой...

— Не деп?

— Осылай да осылай, келе жатырмыз деп...

— Қажеті жоқ, — деді Шерағам. — Біз басшылармен емес, оқырмандармен кездесуге барамыз. Мына Қордайдан бастайық. Одан ары Шуды жағалап, Мойынқұм асып түсеміз. Ертең таңертең мәшинеммен шығып кетеміз...

Сол жолы біз облыстың бүкіл ауданын аралап, оқырмандармен бетпе-бет кездесіп, емен-жарқын әңгіме өткізіп қайттық. Шерағам қайда, кіммен кездессек те, әңгімені “Газетке не үшін жазылу керек?” деген сұрақтан бастап, соған өзі жауап берумен тиянақтап жататын. Жадымда жатталып қалған мына сөздер оқырмандарды да бей-жай қалдыра қоймаушы еді:

“Бабаларымыз ғасырлар бойғы армандаған бостандыққа қол жетті. Мемлекетіміз жас. Тәуелсіздігіміздің бір тіні — тіл. Ал экономика мен руханият мемлекетіміздің қос қанаты”.

Шерағам осылайша әр қайсысына жеке-жеке тоқтала келіп, “қарын аштығы қалпына келер, құдай рухани аштықтан сақтасын” дейтін де, сөзін одан әрі былай сабақтайтын:

“Қазір кітап шықпайды, журналдар жабылып жатыр. Радио сөйлемейді. Жарық болса, телевизор көрген боласыздар. Оның өзі де оңып тұрған жоқ. Қайдағы жоқты көрсетеді. Ар да, иман да жоқ. Соны айтып, елдің көкірегіне сәуле түсіретін осы — газет. Қазақ газетіне қазақ жазылмаса, қайтып күн көреміз? Бұл елдігімізге сын емес пе?..”

Сол жылы “Егемен Қазақстанның” Жамбыл облысындағы таралымы төрт-бес есе өсіп — 20 мыңға жа-

қындаған еді. Бұл көрсеткіш содан кейін қайтып бір де бір рет қайталанған емес.

## **ТҰРАРДЫҢ ДӘЛ ӨЗІ**

СОКП-ның ең соңғы съезіне біз Шерағам екеуіміз басынан аяғына дейін қатыстық. Ол кездері “Социалистік Қазақстанның” бас редакторы болып істейтін ағамыз — делегат та, сол газеттің бөлім меңгерушісі мен — арнаулы тілшімін. Шерағам “Россия” мейманханасына, мен Чистопрудтағы Қазақстан елшілігінің үйіне орналастық. Жататын орнымыз бөлек болғанымен, күні бойы біргеміз — Кремльдегі Съездер сарайындамыз.

Партиядан күш кете бастаса да, тәртіп күшті. Спасск қақпасына жеткенімізше сан тосқауыл мен тексерулерден өтеміз. “Жарып жібере ме деп қорқа ма екен”, деп Шерағам қалыңдығы бірнеше құлаш тас қабырғаларға қарайды, сөйтеді де ойына әлденелер түскендей қалт тұра қалып: “осы қызыл үйлердің бірінде кезінде Тұрар тұрып, қызмет етіпті, шіркін, сол ағамыздың аяғы тиген жерді дәл тауып, тәу етер ме еді” деп қиялдайды.

Сондай сәтте әсер әуресіне түсіп кібіртіктеп қалған өз басым бойын тіктеп, иығын қомдап алда кетіп бара жатқан Шерағамды тура Тұрардың дәл өзі емес пе екен деп қаламын...

## **ҮЛКЕН КІСІ ҮЛЕСІ**

Тағы да сол СОКП-ның соңғы съезінде болған жәйт. Мимырт мәжілістер мезі етті ме, әлде делегаттар демалсын деді ме екен бірде басшылар бір тәуліктік “тәжірибе алмасу” күнін белгілегені бар. Қазақстан елшілігінің үйіндегі бөлмемде ұйқыны соғып жатқам. Телефон шылдырынан оянып кеттім, көтерсем — Шерағам.

— Әй, неғып жатырсың? — деді ағам.

— Демалып жатырмын, тәжірибенің бізге қатысы жоқ сияқты еді ғой.

— Ол тәжірибе болмаса, басқа тәжірибе бар, — деді Шерағам. — Давай, тез жет, бөлмемде күтіп отырмын...

“Россия” мейманханасы мен біздің елшілік үйінің арасы таяқ тастам — метромен екі-ақ аялдама. Құрақ ұшып, жетіп бардым. Келсем, ағайым бөлмесіндегі үстелінің үстін сықитып қойыпты. Қайдан тапқанын қайдам, қазы-қарта дейсің бе, қымыз-қымырын дейсің бе — бәрі бар.

— Отыр, — деді ол жанындағы орындықты жақынырақ жылжытып. — Қазір мен сені бір үлкен кісімен таныстырам. Әдебиетті түсінетін адам, қолында билігі бар...

Ағам аузын жиып ала бергенше, телефон “шыр” ете қалды. Трубканы көтерген Шерағам біраз тыңдап тұрды да:

— Қап, болмаған екен, қайтеміз, онда сыбағаңызды мына Әділге беремін, — деп маған көзін қысты.

Түсіне қойдым — біз күткен үлкен кісі. Шынында солай екен. Табан астында Мәскеудегі өзінен де үлкен кісілер шақыртыпты. Соны айтып звондаса керек.

Сол жолы өзіміз бірге бола алмай қалған үлкен кісінің “аты кім еді” деп мен де сұраған емеспін, Шерағам да айтқан емес. Әйтсе де кейін Алматыға келген соң маған орталықтан ойып тұрып төрт бөлмелі үй алып берерде Шерағам “сол үлкен кісінің де үлесі бар” деп құлаққағыс еткен еді. “Ол кім еді?” деп ол жолы да сұраған жоқпын. Себебі маған Шерағамнан өткен үлкен адам жоқ сияқты боп көрінеді де тұрады...

## ТАМАҚТЫҢ ТЫҒЫНЫ

Шерағам екеуіміздің ел аралау сапарымыз алғаш Әулиеата өңірінен басталды. Жамбыл облысының Қордай, Шу, Мойынқұм, Талас, Сарысу аудандарында болып, одан әрі Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына асып түсе бергенімізде:

— Ал, бала, енді байқа, — деді ағамыз сөзін жұмбақтап. — Бұл жақ — әулиелер мекені, әруақтар мекені. Әруақтар ашы су ішкендерді онша ұната бермейді...

Ішім сезіп келеді. “Ішпе” демейді, “байқа” дейді. Кешелі-бүгінді кіндік қаным тамған жерге жеттім ғой деп ақаңды біраз сілтеңкіреп жібергенім жасырын емес еді. Қатты қысылдым. “Ұялған — тек тұрмастың” кебін киіп:

— Шераға, осы жақта Баба Түкті Шашты Әзиз ағамыздың кесенесі бар дейді ғой, соған соға кетпейміз бе, — дедім.

— Иә, бар, — деді ағам, — ол осы Қызылкөлге шығар тұста, бірақ оған бару үшін адам алдын ала дайындалып, тазарып алуы керек. Біз қазір не бетімізбен барамыз, екеуіміз де сасып –бықсып отырған жоқпыз ба!..

Тағы да қатырды. Сасып-бықсып отырған менмін. Екі тәулік бойы ресми кездесулерден кейінгі бейресми кездесулерде бейберекет іше берген адам оңушы ма еді: кекірігім азып, өзімнен өзім жиіркеніп келемін. Шерағам ширақ. Түннің бір уағына дейін әңгіме айтып, ән салып дастарқан басында қатар отырсақ та, тентек суды татып алмаған секілді. Тып-тың. Таңдандым да тағлым алдым. Жамбыл — Шерағамның да туған жері. Барлық құрмет сол кісіге көрсетіліп жатқаны мәлім. Аты да, даңқы да бір басына жетерлік ағамыз ашылса бір жөн, маған не жорық, деген ой келіп құмығып қалдым.

Менің жасып та басылып қалған көңілімді көтергісі келді ме, Шерағам артынша тағы бір әңгіменің шетін шығарды.

— Мамытбекті білуші ме едің, — деді тамағын қырнап, — сол жігіт ана бір жылдары біздің Баукеңмен біраз бірге болғаны бар. Міне, сол батыр ағамыз қонаққа барарда жанына осы Мамытбекті ертіп жүргенді тәуір көреді екен: “әй, сен мені бағып отыр, дейді екен Баукең, мен барған жерімнен үй іші үшін деп, денсаулық үшін деп бір-екі рәмке ішуім керек, сонан соң тоқтатпасам болмайды, міне, сондай кезде сен маған белгі беретін бол”. Мамытбек бір-екі мәрте сөйтсе керек. Бірақ кеу-кеулеген ел қоя ма, батырға мұнан кейін де біраз ішкізіп жібертетін көрінеді. Сондай кезде Баукең: “әй, Мамытбек, қой енді, менің тығыным ашылып кетті”, дейді екен. Сол айтпақшы, тамақтың да тығыны болады. Байқау керек. Бірақ оны тас қылып жауып тастауға да болмас, анда-санда өстіп ашып алған да жөн-ау, — деп сөзінің артын өзілге бұрып жіберді...

Сонан кейін де мен Шерағаммен талай рет іссапарға шығып, талай той-домалақтарда дастарқандас болдым. Бірақ бірде-бір рет оғаш мінез көрсетіп, тамағымның тығынын ағытып алған емеспін.

“Жақсыдан — шарапат” деген осы болса керек.

## АУЫЛДАҒЫ АУКЦИОН

Газетке жазылуды ұйымдастыру мәселесімен Жамбыл облысының шаруашылықтарын аралап жүргенбіз. Шу ауданының орталығы — Төле би ауылында өткен оқырмандар конференциясына халық өте көп жиналды. Шерағамның сөзінен кейін кездесу әдеттегідей сұрақ-жауап түріне көшті.

Оқырмандар сұрақ қояды, біз жауап береміз. Осылайша жиналғандар газетімізге де, ағамыздың шығармашылығына да қатысты сұрақтарды бұрқырата бастады.

Кенет бір оқырман Шерағамның соңғы шыққан романы — “Ай мен Айша” туралы сөз қозғай келіп, соны қалай сатып алуға болатынын сұрады. Жиналысты басқарып отырған аудан әкімі Құрманғали Уәлиев қуақы, қазақы қалжыңға жүйрік жігіт екен. Сонысына басып, ол жаңа ғана Шерағама қол қойдырып алған кітабын жоғары көтеріп:

— Алам деушілерге кітап табылады, бірақ аукционға салам, — демесі бар емес пе!

— Аламыз! Аламыз! Қанша болса да аламыз! — деп жұрт шу ете қалды.

Сол-ақ екен Қүрекең:

— Мың теңге! — Бір! Мың теңге! — Екі! — деп санай жөнелді. “Үш” дегенді айтқызбай залдан біреу ұшып тұрды:

— Екі мың теңге!

Қүрекең саспады, қайтадан:

— Екі мың теңге! — Бір! Екі мың теңге!.. — деп аузын жиып ала бергенше:

— Үш мың! — деген дауыс та шығып қалды.

Қүрекең қайта есепке көшті:

— Үш мың теңге! — Бір! Үш мың теңге! — Екі!..

— Төрт мың!..

Одан әрі ағамыз шыдай алмай:

— Әй, Құрманғали! Тоқтат, мына спектакліңді! — деп орнынан атып тұрды. — Мен мұнда кітап сатып баю үшін келген жоқпын!..

Құрманғали да қу екен:

— Ой, Шераға-ай, бекер бұздыңыз гой аукционымызды, — деп аузын томпайтты. — Өзіме сыйлаған жал-



ғыз кітапты сатып мені жын ұрды дейсіз бе, тек сіздің беделіңізді пайдаланып, кімде қанша ақша барын біліп алайын деп едім...

Айтты-айтпады не керек, сол жолы ағамыз аулына деп арнайы алып шыққан бір пәшке кітабын тастап кетуге мәжбүр болды.

## ҚАЛТАДАҒЫ АУЫЗ

Шерағаң айтады:

— Ол кездері “Егемен Қазақстанның” бас редакторы болып істейтінмін. Қазақстандағы бетке ұстар басылымдардың біразы сол біз отырған редакция үйінің жоғары қабатында. Журналистер одағы да сонда.

Жұмыс аяғына таман Қалекең (кәдімгі Қалтай Мұхамеджанов ағамыз сол кезде “Ара” журналын басқаратын) звондайды:

— Әй, осылай отыра береміз бе омалып, түспейміз бе?..

— Қайда?

— Төменге! — Түсіне қойдым: Қалекеңнің “төмені” — төмендегі өзіміз “Камал-кафе” деп атап кеткен кафе-бар, оған анда-санда Камал үшеуіміз түсіп, кофе, кейде одан күштірегін де ішіп тұратын әдетіміз бар еді.

— Әй, анау кетіп қалды ғой, — дедім соның алдында ғана Камалдың телефон соққаны есіме түсіп.

— Кім? — Қалекеңнің даусы қаттырақ шықты, әсте кетіп қалған буфетші деп ойласа керек.

— Камал! Камалды айтам, мана асығыс ЦК-а шақыртып кетті ғой.

— Ім-м, — деп Қалекең риза болмағандай тұтқаны қоя салды.

“Арада екі-үш минөт өтпей жатып, телефон қайта шылдырлады. Көтерсем, тағы да Қалекең екен”.

— Әй, — деді ол манағы қалпынан таймағын күйі, — Камал кетсе біздің ауымызды өзінің қалтасына салып алып кеткен жоқ қой, түс, давай, астына!..

— Артынша екеуіміз астына түсіп шарап іштік, — дейді Шерағам аузын сипап, сонан соң мұртының бір ұшы көтеріліп мырс ете қалды да, — бізді қойшы, дәл сол жолы екеуімізді кезек-кезек түсіретін Камалдың аузы қатты қағылды-ау, деймін, — деп қарқылдап күлді.

## ФИЗИКА МЕН ЛИРИКА

Тараз қаласындағы Мұхамед Хайдар Дулати атындағы университет студенттерімен кездесу өткізіп жатқанбыз. Шерағам мінберден түсісімен басқосуды басқарып отырған бірінші проректор “кімнің сұрағы бар?” деп біресе орысша, біресе қазақша қайталап тұрып алғаны бар.

Ағайлары айтып тұрған соң аянсын ба, залдың орта тұсынан біреу қол көтерді. Елең етіп, сол жаққа бұрылды. Орнынан батылсыздау көтерілген балаң жігіт:

— Ағай, бір өлеңіңізді оқып бермес пе екенсіз? — деп қойып қалмасы бар емес пе.

Бәріміз ыңғайсызданып, төмен қарадық. Зал сілтідей тына қалды.

Шерағамның басы кегжең ете түсті. Онысыз да аласы басым көзі адырайып, көзілдірігінің әйнегін тесіп жіберердей Сп әлгіге қарады. “Ал, басталды деп ойладым мен іштей тынып, қазір байғұстың иттерісін басына қаптайды”.

Бірақ ағайым өйтпеді.

— Қай факультетте оқисың? — деп сұрақ қоюшының өзіне сұрақ қойды.

— Физмат, — деді баланың даусы әрең шығып.

— Ө, физик екенсің ғой, — деді Шерағам сәл-пәл еңтігін басып, сөйтті де бірінші проректор мен біз отырған жаққа бір қарап алды да: — физиктердің лирикаға жақын екенін білеміз, бірақ мен өлең жазбаймын, шырағым, — деп қайтадан балаға бұрылды, — сондықтан өтінішіңді де орындай алмаймын...

Жаңа ғана жауатын бұлттай боп түнеріп тұрған ағамыздың мына мінезі осыдан ондаған жылдар бұрын болған бір оқиғаны еріксіз еске түсірді.

... Ілгеріде КазГУ-дің филфагінде оқып жүргенімізде Нүрекең, кәдімгі атақты Нұрғиса Тілендиев ағамыз бізге келіп, күй үйреткен еді. Домбыраны аса жақсы тарта алмаса да, консерватория студенттеріне қосылып, бір топ жолдастарыммен бірге мен де оркестрге қатысқан едім. Артық бір қағысты қалт жібермейтін Нүрекең қайта-қайта жаңылыса берген менің жаныма жетіп келіп, “қайда оқисың?” деп қадалғаны бар. Алғашында қолындағы таяғымен салып жіберердей боп төніп келген ағамыз-

дың менің филолог екенімді біліп, райынан тез қайтқаны әлі де көз алдымда.

Ұлы адамдарда ұқсастық көп болады деген осы екен-ау!

## **“ОРЫСТЫҢ МОНШАСЫНА ТҮСІП КЕЛЕМ”**

Шерағам өлең жазбағанымен, төрттаған шығаруға тым шебер. Әсіресе, ағамыздың өзінің замандас құрда-сы Әкім Тарази туралы айтқандары ел арасына көп тарап кеткен. “Таразидың баласы”... деп басталатын төрттағандарын талай жерден естіп жүрміз.

... Оңтүстіктің Жетісай өңіріне жол түскен. Аудан әкімі жанымызға аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Жүсіп деген жігітті қосып берді. Аузын ашса жүрегі көрінетін ақжарқын азамат екен. Асты-үстімізге түсіп күтті. Ағыл-тегіл дастарқан. Не жеп, не ішем десең де — бәрі бар. “Анда-санда қолымызға бір түсетін ағамызды жақсылап күтіп ала алма-сақ, кім болғанымыз” деп аңқылдап шауып жүрген Жүкеңнен Шерағам кешке қарай:

— Әй, інішек осы ауылда монша бар ма? — деп сұрап қалды.

— Бар, әрине, бар, — Жүсіп лып ете түсті. — Моншасыз ауыл болушы ма еді, құдайға шүкір, қала деген атымыз бар ғой...

— Бар болса, соған жуынып-шайынып алсақ па деп едік, — деп Шерағам маған қарады. — Әйтпесе арақ сасып кеттік, біраз иіс-қоңыстан арылайық...

— Ой, аға, сол да сөз бе екен, айтсаңыз болды ғой, қазір табан астында ұйымдастырамыз, — деп Жүкең сыртқа шығып кетті.

Сол кеткеннен ол мол кетті. Жарты сағат өтті. Жоқ. Бір сағат өтті. Жоқ. Әйтеуір бір уақытта келді-ау. Келді де:

— Кеттік аға, — деді, — сіздерді Жетісайдың жәй моншасына жуындырғаннан гөрі Тәшкеннің хан сарайындай саунасына түсіріп, үзгіштерге арқаларыңызды уқалатып, массаж жасатып қайтуды жөн көрдік.

Айтылды бітті — аттанып кеттік. Ташкент тиіп тұрған жер. Әне-міне дегенше топ ете қалдық. Бірақ өз ағаларымыздың өздерінен артылмады ма, әлде басқаша ойлары болды ма, әйтеуір сол күні сауна таппай сабылып, ақыры орыстың жәй моншасына түсіп шығуымызға тура келді.

Қайтып келе жатырмыз. Әйтсе де шаршағандықтан шығар, манағыдай көңіл-күй жоқ. Әркім өз ойымен болып, үн-түнсіз. Осы көңілсіздікті сергіткісі келгендей жол-жөнекей Жүкең машинасын тоқтатып, сыртқа бөтелкелер мен тіске басарлар алып шықты.

Жүкең тілінен тапты.

— Шераға, айтқанымызды орындауға тырысып бақтық, — деді сусын ұсынып тұрып, — бірақ, құрғыр, “кісідегінің кілті — аспанда” деген бар емес пе!..

Сол-ақ екен Шерағаң:

Зәуіде жолдас болып Жүсіппеннен,  
Арақ пен шарабына жүзіп келем.  
Өзі айтқан үзгіші бар сауна орнына,  
Орыстың моншасына түсіп келем,

— деп іліп әкетті.

— Ойбай, Шераға мынауыңызды ешкімге айта көрмеңіз, — деп Жүсіп шыр-пыр болды. — Өлтірдіңіз мені, өлтірдіңіз!..

— Неге айтпаймын? — деді Шерағаң гүжілдеп. — Айтпақ түгіл, бүкіл Алматыға жаям. Себебі сендерде монша жоқ. Оны мен бағана сен далаға шығып кетіп, кешіккеніңнен-ақ білгем. Ұят емес пе, білдей бір ауылда монша жоқ деген, еше қаламыз дейсің...

Жүкең жеңілгендей боп жерге қарады.

## **БАҒЫМЫЗ ЖАНҒАН ЖЫЛ**

Шерағам “СҚ”-ға бас редактор боп келген жылы Семейде ядролық қарудың зардаптарын жоюға арналған үлкен бір жиын өтті де, жан-жақтан шақырылған қонақтармен бірге түрлі басылым мен баспасөз қызметкерлері де тоқайласа қалғанымыз бар. “Қазақ әдебиеті” газетінің өкілі, жазушы Сайымжан Еркебаев екеуіміздің бөлмелеріміз қатар болды да, жиі аралап тұрдық. Адам жатырқамайтын ақкөңіл жігіт еді, марқұм. Әңгімеге де шебер болатын. Майын тамызып айтқанда, аузымызды ашып отырып қалатынбыз. Жаның жаннатта болғыр, сол Сайымжан айтушы еді: “Бақтарың жанған екен біздің Шерағаң барып сендерге!” деп (“Біздің” деп меншіктеуінің де жөні бар: бұған дейін Шерағам

“Қазақ әдебиетін” басқарған болатын). Сөйтіп артынша: “Сен ұғып ал, мен кейбір “секреттерін” айтып берейін”, деп Шерағам туралы не бір қызық әңгімелер бастап кетуші еді.

— Аптасына бір-ақ рет шығатын біздің газет үшін материал деген қат емес қой, — дейді Сәкең. — Оның үстіне Шераға мақалаларды таңдап, талғап басады. Сондықтан өзі оқып, өзі қол қойған материалдар шықпай қоймайды. Осыны біліп алған біз, бөлім меңгерушілері, дайындағандарымызды көбінесе өзіне оқытып алуға тырысатынбыз. Ал мұндайда мен кілең алда болам. Себебі күнде ертерек келіп, кабинетінің жанында күтіп тұрам. Егер Шераға амандасқанда қолыңды қаттырақ қысса — жолыңның болғаны: ағамыздың көңіл-күйі жақсы, ал керісінше — қолын бос тастай салса: онша емес. Ол күні бастықтың көзіне көп көріне берудің қажеті жоқ. Мен сол қолым қатты қысылған күні лып етіп күллі материалымды Шерағаға алып келіп берем де, өзім есікті күзетіп тұрам. Келген кісілерге: “Бастық жарты сағатқа дейін ешкім мазаламасын деді, тығыз шаруасы бар көрінеді” деп қулыққа басам. Себебі ол кісі қанша материал болса да жарты сағаттан асырмай редакциялап шығады...

Сәкең айтқан “секреттерге” онша көп сене бермем де, “СҚ”-ның нағыз бағы жанған кезі — сол Шерағам басшылық жасаған жылдар еді-ау десем ешкім де шек келтіре қоймас деп ойлаймын.

## **НАҒЫЗ ҚАЗАҚ**

Шерағам әріптес ағалары мен құрдастары туралы әңгіме айтқанда құлпыртып-ақ жібереді. Және де оның бәрін жайдан жай айта салмайды. Себебі салдар, мәнге мысал ретінде баяндай келіп, тәрбиеге тәлім боларлықтай етіп қорытындылап жатады.

Елге шығып, қайта-қайта қонақ боп еттен бетіміз қайтыңқырап қалған бір сәтте ағамыз Сәбеңді — кәдімгі Сәбит Мұқановты есіне алғаны бар.

“Осы біз құсап ол кісі де анау үйден бас мүжіп, мынау үйден жамбас жеп дегендей, біраз жүріп қалса керек, деп бастады бірде әңгімесін Шерағам, Сәбең мені

мен сен сияқты емес — арақ ішпейді, тамақ ішеді. Нағыз қазақ! Ал қазақ еттен шығушы ма еді? Әрине, шықпайды. Сонда да болса жанында еріп жүрген өкілдердің бірі тағы бір жерге барғанда: “Давай, мәңгі жасаңдар!” деп жаңадан сойылған малды тұтастай тураттырып тастаған көрінеді. Өкіл айтты: бітті— заң! Содан ауылдың бүкіл қатын-қалаштары жабылып үйме табақ мәңгі пісіреді де, алдарына әкеп қоймай ма, дейді Шерағам әңгімесін одан әрі жалғап, өкілі бар, өзгесі бар әлгі әкелгенді өндірітіп-ақ тастаса керек. Табақ түбі көріне бастаған тұста олар қонақ алсын деген ниетпен қолдарын тартыңқырап, ыдысты Сәбеңе қарай ыңғайлай берген көрінеді. Сол сәтте Сәбең де қолын табақтан жұлып алып: “қой, енді етке де орын қалсын” деп кейін ысырылып отыра кетіпті дейді. Ал, өкіл болса атып тұрып, далаға жүгірсе керек. Сөйтіп тағы бір қой сойғызып, ет астыртыпты деген сөз бар”.

— Міне, біздің сондай да мықты ағаларымыз болған! — деп Шерағам келесі бір әңгімені бастап кетеді...

## **250 СОМ НЕМЕСЕ 250 ЖОЛ**

Совет Шиманбай ұзақ жылдар бойы секретариатта істеп, осы “Егеменнің” есігінен зейнетке шыққан ардагерлердің бірі болатын. Ертеректе Шерағам “Лениншіл жаста” (қазіргі “Жас алаш” газеті) тілші боп жүрген кезде Сәкең комсомолда істеп, екеуі біраз араласқан көрінеді. Сонысын малданып Сәкең кейін Шерағам “СҚ”-ға ауысқанда ардың-гүрдің сөз айтып, әзілдесіп те алатын. Міне, осы бір адам баласына арамдығы жоқ ақкөңіл ағамыздың басынан кешкен талай оқыс оқиғалары мен күлдіргі жәйттерінің куәсі болғанымыз бар.

Ілгеріде, Шерағамның тұсында, бізде апталық жоспарлау деген де болған. Күн сайын дерлік жиналып, уақытты текке өткізбес үшін жасалған бұл тәсіл кезінде өзін-өзі ақтады да. Міне, сол жоспарлау үстінде жауапты хатшының орынбасары болып істейтін Сәкең алдағы бір аптада жарық көретін материалдардың аттары мен жолдарына дейін айтып шығады. Бөлім меңгерушілері оларды талқылап, мазмұны мен мәніне, тақырыбы мен жағрапиясына қарай алатынын алып, ауыстыратынын

ауыстырып дегендей, өзгерістер де енгізіп жатады. Нағыз шығармашылдық айтыс сол кезде шығады. Әркім өз бөлімдерінің материалдарын өткізгісі келіп, қызыл кеңірдек боп қалады. Сәкеңнің аты жүретін кез де — осы тұс. Себебі оның жоспарына енген мақалалар шықпай қалмайды.

Бірде осындай жоспарлау үстінде кезекті нөмірге байланысты Сәкеңнің:

— Тағы бір материал сыйғызуға болады, — деп қалмасы бар емес пе!

— Жолы қанша? — деді Шерағам басын көтеріп.

— 250 сом! — деді Сәкең көзілдірігін жарқ еткізіп.

Жұрт ду күлді.

— То есть 250 жол! — деді Сәкең көзілдірігін қайта түзеп.

Айтылған сөз — атылған оқ. “Сом” мен “жолды” шатастырып алған Сәкеңнің жайын басқалар білмесе де мен білем. Жаңа ғана жоспарлауға кірер кезімізде секретариаттың алдында тікелей бастығы Міңкең (Мыңбай Ілес) екеуі осы ақша туралы айтып тұрғанын құлағым шалып қалғаны бар еді; Сәкеңе біреу қарыз ба, әлді өзі біреуге беруге тиіс пе, әйтеуір, әңгіме сол “сом” төңірегінде болатын...

## **АҒАЙЫНМЕН АРАЗДАСУ**

Облыстағы орта қол жазушысымақтардың бірі — Б. бізге ілік-шатас ағайын боп келеді. Мен ауылға, ол Алматыға жол түскен сайын бір-бірімізбен кездеспей кеткен емеспіз. Сәлеміміз де, ниетіміз де тұзу еді. Сол ағайыныммен аяқ астында араздасып қалғаным бар.

Шерағам екеуіміз Таразға келген күні ертеңгілік ол кісінің көзін ала беріп, әлгі ағайыныма телефон соқтым. Ойым — сәлем беру. Обалы не, әдеттегідей қауқалақтап, жаны қалмай қалды.

— Қашан келдің? Қайда тұрсың? Үйге неге келмейсің? — деп сұрақтарды бірінен соң бірін бұрқыратты.

— Пойыздан жаңа ғана түстік, Шерағама ілесіп келіп едім, қонақ үйге тоқтадық...

Ағайым көпке дейін үндемей қалды. Артынша өзін-өзі зорлап, бір жөткірініп алды да:

— Е, онда қолың тимейді екен ғой, — деді ыңыранып. — Мұртазамен жүрсең мұртың майланып қалған болар, естіп жатырмыз кейінгі кездері екеулеріңнің жұптарың жазылмайды деп. Хан көтеріп алатын шығар барған жерлерінде...

Неге екенін қайдам, сөзі маған бір түрлі кекесіндеу естілді. Сол әсер етті ме, әлде елдің бәрі Шерағамды тегімен атамай, “Шераға” дегенге үйреніп қалғандықтан ба, қаным басыма теуіп шыға келді.

— Не тантип тұрсыз? — дедім өзімді-өзім ұстай алмай. — Біле білсеңіз Шерағамды бүкіл қазақ халқы...

— Әй, слушай! — Ағайым телефонның құлағын жарып жіберердей боп айқай салды.— Сенің өзің не тантип тұрсың? Ішіп алғаннан саумысың? Білесің бе, сен білесің бе “танту” деген сөздің не екенін, сәбәкі!..

— Білем! Білген соң айтып тұрмын, кәләкі! — деп мен де сөзіне сөз ұйқастырып телефонды тастап жібердім.

Содан бері ағайыныммен амандасқан да, сөйлескен де емеспіз.

## “ӨЗДЕРІҢІЗ ҒОЙ...”

“Егеменнің” қазіргі бас редакторының бірінші орынбасары Еркін Қыдыр ол кездері газетіміздің Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі боп істейтін. Ол кезіміз — сексенінші жылдың соңы, тоқсаныншы жылдың басы. Бас редакторымыз — Шерағаң (Шерхан Мұртаза), біз — саптағы солдаттарымыз. Газетті көтеру бағытында қызу жұмыс жүріп жатқан шақ. Идея айтушы да, тақырып табушы да Шерағаңның өзі.

Әдеттегідей таңертеңгі жоспарлауға жиналған кезіміз еді. Шераға бәрімізді шетімізден шолып шықты да, алдында жатқан газетті қолына алып жоғары көтерді:

— Бүгінгі нөмірден не байқадыңдар?

Қате кетіп қалмады ма екен деп біз қипақтап, бір-бірімізге қарадық.

— Екінші бетте Ержұман мырзаның мақаласы шықты, — деп Шерағам қайта сөйлеп кетті. — Соның фамилиясындағы “овты” алып тастап, Смайыл деп жібердік. “Ов” — орыстың бізге, қазақтарға, зорлап кигізген құлдық